



Бекітемін

№ 8 «Күндүк» бөбөкжай

Балабақша меңгерушісі

Ж.А.Саутбекова

08 2025ж

**«Көгершін» мектепалды тобы**

**Ата – аналармен өткізілетін жылдық жұмыс жоспары.**

**Мақсаты:** Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым – қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата – ананның ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата – ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру. Ата-аналармен тығыз байланыста болу.

<b>Р/с</b>	<b>Іс – шаралар тақырыбы</b>	<b>Өткізілу кезеңі</b>	<b>Жауапты</b>
1	<b>«Бала біздің болашағымыз» атты ата – аналар жиналысы.</b> 1.Ата – аналарды 2025 – 2026 оқу-жылының жоспары мен таныстыру. 2Баяндама: «Адалдықтың бастауы – отбасыдан» 3. Ата – аналар комитетін сайлау. 4. Ашық есік күнін ұйымдастыру. «Сабан той» жәрменкесі	<b>Қыргүйек</b>	<b>Әдіскер:</b> Атыгаева А.Т. <b>Медбике:</b> Шакенова Г. <b>Тәрбиеші:</b> Иманкулова А.Б Дастанова А. Е.
2	<b>Қазан айы</b> 1. Ашық есік күнін ұйымдастыру. 2. "Балабақша" аялдамасы. 3. 25-қазан Қазақстан Республикасының рәміздер күніне арналған ертеңгілік.	<b>Қазан</b>	<b>Тәрбиеші:</b> Иманкулова А.Б Дастанова А. Е.
3	<b>.. Кеңес:«Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиясының ерекшеліктері» Сауалнама жүргүзу</b>	<b>Қараша</b>	<b>Тәрбиеші:</b> Иманкулова А.Б Дастанова А. Е.

4	<p><b>«Жаңа жыл мерекесін қауіпсіз өткізу жолдары» атты, ата-аналар жиналысы.</b></p> <p>1. Ата-аналарды жаңа жылдық шырша ертеңгіліктің жоспарымен таныстыру.</p> <p>2 Баяндама: «Егер бала тұйық болса »</p> <p>I- жарты жылдық қортынды.</p>	Желтоқсан	<p><b>Медбике:</b> Шакенова Г</p> <p><b>Тәрбиеші:</b> Иманкулова А.Б Дастанова А. Е.</p>
5	<p><b>Қаңтар айы</b></p> <p>1. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.</p> <p>2. « Менің отбасымдағы бақытым» фото буклет.</p>	Қаңтар	<p><b>Тәрбиеші:</b> Иманкулова А.Б Дастанова А. Е.</p>
6	<p>Кеңес: «Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті кеңес»</p> <p>2. « Тәрбие тірегі – халық мұрасы »</p>	Ақпан	<p><b>Тәрбиеші:</b> Иманкулова А.Б Дастанова А. Е.</p>
7	<p>1.« 8-наурыз Аналар мерекесі »</p> <p>Көктем мерекелерімен құттықтау.</p> <p>2. Көрме: « Анашым! Мен сізді жақсы көремін!»</p> <p>3. « Қазақтың ою – өрнектері »</p>	Наурыз	<p><b>Тәрбиеші:</b> Иманкулова А.Б Дастанова А. Е.</p>
8	<p>.Кеңес:«Баланы неше жасында мектепке берген дұрыс»</p>	Сәуір	<p><b>Тәрбиеші:</b> Иманкулова А.Б Дастанова А. Е.</p>

9	<p><b>«Мектепке дайындық: неге қазірден бастау керек?» атты, ата-аналар жиналысы.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. II- жарты жылдық қорытындысы.</li> <li>2. Жылдық жоспар бойынша қорытынды.</li> <li>3. «Қош бол балабақша»</li> <li>4. Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларына дайындық.</li> </ol>	<p><b>Мамыр</b></p>	<p><b>Тәрбиеші:</b> Иманкулова А.Б Дастанова А. Е.</p> <p><b>Ата-ана комитеті.</b> Бигалиева Әсем</p>
---	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**Тәрбиеші:** Иманкулова А.Б

Дастанова А. Е.

## Жиналыс тақырыбы

«Бала – біздің болашағымыз»

**Мақсаты:**

Ата-аналарға баланың дамуы мен тәрбиесінде отбасының рөлін түсіндіру  
Баланың тұлғалық қалыптасуына бірлесіп ықпал ету жолдарын ұсыну  
Ата-ана мен тәрбиеші арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту

### 1. Кіріспе бөлім

1. Ата-аналармен амандасу
2. Биылғы оқу жылымен таныстыру.
2. Додекаэдр мен тренинг
3. Баяндама «Адалдықтың бастауы – отбасыдан»
4. Кофе брейк
5. Ашық есік күнін ұйымдастыру.

«Сабан той» жәрменкесі

Сәлемдесу мен тақырыпқа кіріспе сөзі:

Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі жиналысымыздың тақырыбы – «Бала – біздің болашағымыз».

Бұл жай ғана әдемі сөз емес. Расында, бала – әр отбасының ғана емес, тұтас ұлттың, елдің болашағы. Сондықтан оны тәрбиелеу – ең жауапты әрі маңызды міндет. Бүгін біз сіздермен осы тақырып аясында ой бөлісіп, тәрбиенің тиімді жолдарын бірге қарастырамыз.

### 2. Негізгі бөлім

1. Ата-аналармен смайликегі көңіл күймен кіреді.

Кофе брейк дәстүрі бойынша ата-аналарды дастархан басына отырғызу. Биылғы оқу жылындағы жоспарлармен таныстыру, үлгілік стандартқа сай жұмыс жүргізілетіндігін атап өту. Осыған байланысты ата-аналарда өз тараптарынан қолдап екі жақты жұмыс жүргізуге шақыру. Әр ананың өз баласының бойындағы қасиеттерін білу мақсатында сұрақ қою.

. Бала – отбасының айнасы атты аналармен сұрақ жауап.

Баланың мінезі, сөзі, әдеттері – отбасыдан қалыптасады

Үлкендердің қарым-қатынасы балаға тікелей әсер етеді

«Не айтпайсың, не істейсің – бәрі балаға сабақ»

Сұрақ:

– Балаңыздың қандай жақсы қасиеттері сізге ұқсайды деп ойлайсыз?

### Тәрбиедегі ата-ананың рөлі

Тәрбие тек балабақшада ғана емес, күнделікті өмірде жүреді

Ата-ана – баланың алғашқы ұстазы

«Айтқанды емес, көрсеткенді қайталайды» дегенді ұмытпау керек

Ата-аналарды шеңберге тұруларын сұрау арқылы, додекаэдр мен тренинг өткізу. Әр ананың пікірлері мен ойларын және балабақшаға деген ұсыныстарын білу.

Баяндама «Адалдықтың бастауы – отбасыдан» атты баяндамамен таныстыру, пікірлерін сұрау

**Ата-аналарға кеңес:**

3–6 жас – баланың танымдық, психологиялық, әлеуметтік дамуы үшін маңызды

Осы кезеңде берілген тәрбие – бүкіл өмірге әсер етеді

Баланың қабілетін ашу үшін – ойын, шығармашылық, сөйлесу, қолдау керек

**Балаға не керек?**

Сүйіспеншілік

Қауіпсіз орта

Түсіністік пен қолдау

Бірге өткізілген сапалы уақыт

Әділдік пен сенім

**Тапсырма:**

«Балаңызға бүгін қандай жылы сөз айттыңыз? Соңғы рет қашан онымен 15 минут еш алаңсыз бірге ойнадыңыз?»

**Сұрақ-жауап, пікір алмасу**

Ата-аналар өз тәжірибелерімен бөліседі

Тәрбиеші нақты жағдайларға байланысты кеңестер береді

**Ашық есік күнін ұйымдастыру.**

Балабақшамызда «Сабан той» жәрменкесі өтетінін хабарлау. Жәрменкеге не істеу керек топ атынан түсіндіріп өту. Жәрменкеге әкелген әр заттарын безендіріп қою керектігін түсіндіру. Бағасын қымбат емес арзан бағада сатуларын ескерту. Ұйымдастыру жұмыстарына 5-6 ата-аналардың қатысуы керек.

**4. Қорытынды бөлім**

Бала – біздің болашағымыз ғана емес, бүгінгі бақытымыз.

Оған қандай қарым-қатынас жасасақ, ертең сондай етіп көретін боламыз.

Баланы жақсы көру – оған лайықты тәрбие беру, дұрыс бағыт көрсету.

Бірігіп, болашаққа сенімді, тәрбиелі ұрпақ өсірейік!

## Жиналыс тақырыбы:

«Жаңа жыл мерекесін қауіпсіз өткізу жолдары»

**Мақсаты:**

Ата-аналарға мереке кезінде балалардың қауіпсіздігін сақтау жолдарын түсіндіру

Қауіпті жағдайлардың алдын алу

Үйде және қоғамдық орындарда мерекені қауіпсіз әрі пайдалы өткізуге кеңес беру

### 1. Кіріспе

1. Жүрекшеге жазылған балалардың аналарына арналған сөздерін оқып кіру.

2. Ата-аналарды жаңа жылдық шырша ертеңгіліктің жоспарымен таныстыру.

3. Баяндама: «Егер бала тұйық болса»

4. I- жарты жылдық қортынды

Тәрбиешінің сәлемдесуі мен кіріспе сөзі:

Құрметті ата-аналар!

Жаңа жыл – бәріміз үшін ерекше әрі қуанышты мереке. Балалар ертегіге сеніп, Аяз ата мен Ақшақарды асыға күтеді. Бірақ мереке – тек қуаныш емес, егер қауіпсіздік шаралары сақталмаса, өкінішке ұрындыруы да мүмкін. Бүгін біз балаларымыздың қауіпсіздігі үшін нені білуіміз керек, нені ескеруіміз қажет – осы жайында сөйлесеміз.

### 2. Негізгі бөлім

Ата-аналарға балаларының жүректерінен шыққан сөздерін оқығандағы әсерлерін сұрау.

Алдағы келе жатқан жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілігіміздің жоспарымен таныстыру. Оған киетін киімдерінің біркелкі болуына және сценарий бойынша киінетіндерін түсіндіру.

Баяндама: «Егер бала тұйық

болса» тақырыбы бойынша баяндама оқу және оқылған баяндама бойынша ата-аналардың пікірін сұрау.

**Жаңа жыл кезіндегі үйдегі қауіпсіздікті ескерту.**

От пен пиротехникалық бұйымдар:– Балалар үшін өте қауіпті! Оларды қолдануға қатаң тыйым салынады

Көшеде отшашу көретін болсаңыздар – баланы алыс жерге апарыңыздар

Жаңа жылда шам жағу (бенгаль шамы, ашық от) – тек ересектердің бақылауымен

### 3. Сұрақ-жауап / пікір алмасу

Сіз балаңыздың қауіпсіздігі үшін не істейсіз?

Бұрын қандай жағдайлар болды?

Тәрбиешінің кеңестері мен мысалдары

#### **4. Қорытынды**

Құрметті ата-аналар!

Бала – біздің ең қымбат байлығымыз. Мереке – олардың қуанышы, ертегіге сенімі. Сол сенімді біз қауіпсіздікпен ұштастырып, шынайы қуаныш сыйлай аламыз. Баршаңызға амандық, отбасыларыңызға шаттық, балаларыңызға бақыт тілейміз! Жаңа жыл құтты болсын!

## Жиналыс тақырыбы

«Мектепке дайындық: неге қазірден бастау керек?»

### Мақсаты:

Ата-аналарды баланың мектепке психологиялық, физиологиялық, әлеуметтік және академиялық дайындығымен таныстыру.  
Дайындықты ерте бастаудың маңыздылығын түсіндіру.  
Ата-аналар мен тәрбиешілер арасында бірлескен жұмыстың бағыттарын анықтау.

### Кіріспе бөлім

1. II- жарты жылдық қортындысы.
2. Жылдық жоспар бойынша қорытынды.
3. «Қош бол балабақша»
4. Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларына дайындық.

Тәрбиешінің сәлемдесуі

Жиналыстың мақсатын түсіндіру

Құрметті ата-аналар!

Бүгін біз өте маңызды тақырып – баланы мектепке дайындау туралы сөйлесеміз. Мектеп – баланың жаңа өмірге қадамы. Бұл қадамға дайын болу – табысты оқудың кепілі. Ендеше, неге дайындықты дәл қазірден бастау қажет – осыны бірге талқылайық.

### Негізгі бөлім

. II- жарты жылдық қортындысы бойынша, 5 дағдыға байланысты балалардың білім деңгейлерімен таныстыру. Әр дағды бойынша жеке-жеке тоқталу. Қай дағдыны жақсы меңгермеді сол бойынша жұмыстар жүргізілгендігі туралы түсіндіру.

2025–2026 оқу жылы бойынша бекітілген жылдық жоспарға сәйкес балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, оқу-тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру, ата-аналармен өзара тығыз байланыс орнату бағытында кешенді жұмыстар жүргізілді.

Жыл бойы негізгі үш бағыт бойынша жұмыс атқарылды:

Білім беру және тәрбиелеу

Дамытушы орта құру және бала дамуын бақылау

Ата-аналармен жұмыс

Мемлекеттік стандарт пен оқу бағдарламасы негізінде жұмыс жүргізілді (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы)

Балалармен таңертеңгі кіріспе әңгімелер, сабақтар, ойын-жаттығулар, серуендер, көркем әдебиет оқу, музыка, дене шынықтыру сабақтары жоспарға сай өтті

Балалардың сөйлеу тілі, ойлау қабілеті, шығармашылық, моторика, сандармен жұмыс, экологиялық тәрбие бағытында жетістіктері байқалды

Тіл дамыту – сөздік қорының көбеюі

Сенсорика – түстерді, пішіндерді ажырату

Мектепке даярлық – жазуға дайындық, логикалық ойлау  
Эмоционалды даму – өзін-өзі танып, ойын еркін жеткізу  
Топ бөлмесінде жас ерекшелігіне сай орталықтар ұйымдастырылды: кі-  
бұрышы, құрастыру, сурет, сенсорика, ойын бұрышы  
Апта сайын шығармашылық, қол еңбегі, табиғатпен танысу, тәжірибе жасау  
жұмыстары өткізілді  
Балалардың психологиялық жайлылығы мен жеке ерекшелігі ескерілді  
Жыл басында және жыл соңында балалардың даму көрсеткіштері  
салыстырылды  
Көптеген балаларда сөздік қор өсті, ойын жеткізуі жақсарды, өз бетінше  
жұмыс істеу дағдысы қалыптасты

#### **. Мектепке дайындық деген не?**

Баланы мектепке дайындау – тек оқу мен санауды үйрету емес. Ол бірнеше  
бағыттан тұрады:

#### **Психологиялық дайындық:**

Баланың мектепке деген ынтасы

Жаңа ортаға бейімделуі

Зейіні, есте сақтау қабілеті, ойлау жүйесі

#### **Физиологиялық дайындық:**

Жеке гигиена дағдылары

Ұзақ уақыт отырып жұмыс істеу дағдысы

Қол бұлшық етінің дамуы (жазуға дайындық)

#### **Талқылау және сұрақ-жауап**

Ата-аналар өз пікірлерін білдіреді

Кері байланыс: «Сіз балаңызды қалай дайындап жүрсіз?» деген сұрақ  
қойылады

Тәрбиешінің кеңестері

«Қош бол балабақша» тақырыбы бойынша, балабақшамен қоштасу  
жоспарымен таныстыру.

#### **4. Қорытынды бөлім**

Құрметті ата-аналар!

Балаңыздың мектепке дайындығы – сіз бен бізге ортақ жауапкершілік.

Уақытында берілген тәрбие – болашақ табыстың негізі. Бүгіннен бастап бірге  
жұмыс істесек, мектеп табалдырығын баламыз сенімді түрде аттайды.

МКҚК-ны

«Көгершін» мектепалды тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

**Хаттамасы №1**

Қатысқаны: 15

Қатыспағаны: 6

Себепті 3

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.Топтағы ата-аналарды биылғы оқу жылындағы өзгерістермен таныстыру.
2. Баяндама «Адалдықтың бастауы – отбасыдан»
3. Ата-аналар комитетінің мүшелеін жаңарту

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Иманкулова сөз алды. Ендігі кезекте биылғы оқу жылында мектепалды топтардағы оқу стандартқа сай балаларға білім беретіндігі және мектепалды даярлық сыныптармен айырмашылықтарын атап өтті. Ұйымдастырылған оқу іс әрекетін, жас ерекшеліктеріне байланысты үлгілік стандартқа сай өткізілетінін және жазу, математика негіздеріне арналған жұмыс дәптерлері мен де жұмыс жүргізілетіндігін атап өтті. А.Иманкулова «Адалдықтың бастауы – отбасыдан» тақырыбы бойынша баяндама оқыды. Бұл баяндамыны оқу мақсаты, ата-аналарға отбасында балаларымен жеке жұмыс жүргізу, баланың балабақшадағы және қоғамдық ортадағы өзін ұстауы мен іс әрекеттері бойынша баламен сөйлесу мен қатар оның ойын тыңдай білу керектігі жайлы айтылды. Оқылған баяндама бойынша ата-аналардың пікірлерін сұрады. Сөзге шыққан ата-аналар Копбаева Анар баяндама мазмұнын дұрыс айтылғанын және өз пікірінде айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі А.Дастанова сөз алды топтағы балалардың тәртіптері мен тазалықтарына баса назар аударуларын сұрады. Балабақшаға келгенде міндетті түрде кюарды ата-аналарының өздері басып кетулері керектігін айтты, баспаған жағдайда бала балабақшадан шығып қалатындығы туралы ескертті. Алдағы мерекелерде балалардың киімдерінің ретті болуын және үйге берілген тақпақтар мен тапсырмаларды уақытылы орындап отырулары керектігін қатаң түрде ескертті.

Үшінші мәселе бойынша А. Иманкулова сөз алды Ата –ана комитеті Омарбекова Гульжан өз қызметін ары қарай жалғастыра алмауына байланысты орнына басқа ата-аналар барма деп ұсынды. Көпшіліктің шешімі бойынша Бигалиева Әсем сайланды.

Ата-аналар бір ауыздан ,ата –ана комитеттің төрайымы Бигалиева Әсем деп шешті.

Көмекшілері Калимолдина Айгерім мен Шоханова Динара өз орындарында қалатын боп шешті.

Қаулы:

- 1.Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған талапты өз деңгейінде орындалсын.
- 2.Баяндама оқылды.
- 3.Ата-аналар комитетінің төрайымы Бигалиева Әсем болсын.

Төрайымы :                   Ә. Бигалиева  
Хатшы:                         А. Дастанова

## Баяндама тақырыбы:

### «Адалдықтың бастауы – отбасыдан»

#### Мақсаты:

Баланың бойына адалдық, шыншылдық, әділдік секілді адамгершілік қасиеттерді сіңіруде отбасының орны ерекше екенін түсіндіру. Ата-аналармен бірлесе отырып, баланың тұлғалық дамуына оң ықпал жасау.

Құрметті ата-аналар мен әріптестер!

Бүгінгі жиналысымыздың тақырыбы – «Адалдықтың бастауы – отбасыдан». Бұл тақырып қазіргі қоғам үшін де, болашақ ұрпақ үшін де өзекті. Өйткені, баланың бойындағы ең алғашқы адамгершілік қасиеттер отбасында қалыптасады. Ал адалдық – сол қасиеттердің ішіндегі ең маңыздыларының бірі.

Адалдық дегеніміз – шыншылдық, әділдік, ар-ұят, намыс сияқты ұлы ұғымдармен тығыз байланысты. Бұл қасиет балаға бір күнде немесе мектеп жасында ғана дарымайды. Ол – сәби кезінен бастап, күнделікті өмірде ата-ананың үлгісі арқылы бойына сіңетін қасиет.

Баланы адал болуға тәрбиелеу – оның ертеңгі күні қоғамда өз орнын табуына, жақсы азамат болуына, дұрыс таңдау жасай алуына негіз болады. Егер бала кішкентай кезінен шындықты айтуға, өз ісіне жауап беруге үйренсе, болашақта ол әділ де мейірімді азамат болып өседі.

#### Отбасындағы адалдықты тәрбиелеудің қарапайым жолдары:

1. Ата-ананың өз әрекетімен үлгі көрсетуі:
  - Бала ең алдымен ата-анасының іс-әрекетін қайталайды. Егер ата-ана өзі шыншыл, әділ болса, бала да соны бойына сіңіреді.
2. Баланы алдамау:
  - «Кейін берем», «ертең аламыз» деп айтқан уәделерді орындау – баланың сенімін қалыптастырады.
3. Жазаламай, түсіндіру арқылы тәрбиелеу:
  - Бала шындықты айтқаны үшін жаза алмаса, келесі жолы өтірік айтуға мәжбүр болмайды.
4. Мейірімді, сенімді қарым-қатынас орнату:
  - Бала сізбен ашық сөйлесе алса, өз ойын, уайымын жасырмай айтса – бұл адалдықтың алғашқы қадамы.
5. Адал адамдар жайлы ертегілер, әңгімелер айту:
  - Баланың жас ерекшелігіне сай, шыншыл кейіпкерлерді үлгі ету де – өте тиімді тәсіл.

#### Қорытынды:

«Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді дана халқымыз. Баланың бойына адалдық пен адамгершілік сіңіру – ең алдымен отбасындағы тәрбиеге тікелей байланысты. Ата-ана мен балабақша бірігіп, тәрбие бірлігін сақтаса – болашақта адал, еңбекқор, еліне пайдасы тиетін азамат қалыптасары сөзсіз.

Сондықтан да, құрметті ата-аналар, бала тәрбиесінде адалдыққа аса мән берейік! Өйткені, адал бала – ұлт болашағының кепілі.

## Баяндама

### «Егер бала тұйық болса...»

#### Кіріспе:

Құрметті әріптестер, ата-аналар!

Бала тәрбиесінде әрбір баланың мінезі, темпераменті, қарым-қатынас дағдылары әртүрлі болатыны бәрімізге белгілі. Біреуі ашық, көпшіл болса, енді бірі — тұйық, көп сөйлемейтін, жалғыз жүргенді ұнататын, өз ойымен ғана өмір сүретін бала болып өседі.

Бүгін біз «тұйық бала» дегеніміз кім? Онымен қалай жұмыс істеу керек? Қоғамға бейімдеуде біз — ересектер — не істей аламыз? деген сұрақтарға тоқталамыз.

#### 1. Тұйық бала дегеніміз кім?

Тұйық бала — бұл:

Сырттай тыныш, бірақ ішкі жан дүниесі бай бала;

Көп адаммен араласудан қашатын;

Өз ойын ашық айтуда қиындық көретін;

Жаңа ортаға бейімделуге көп уақыт қажет ететін бала.

Бұл — кемшілік емес, баланың темпераментіне байланысты ерекшелік. Яғни, ол — интроверт болуы мүмкін. Дегенмен, егер бала тым оқшауланып, өзін көрсетуге мүлде талпынбаса — бұл жағдайда психолог пен тәрбиешінің қолдауы қажет.

#### 2. Тұйықтықтың себептері:

Отбасындағы қатал тәртіп, жиі ұрысу

Сенімнің болмауы — баланың ойын тыңдамай, жиі сынға алу

Тәрбиелеу стилі: ата-ананың тым қамқор болуы немесе шектен тыс бақылауы

Мектепке дейінгі мекемеде немесе үйде құрдастарымен жеткілікті қарым-қатынастың болмауы

Туа біткен психологиялық ерекшеліктер (интроверт, жоғары сезімталдық)

#### 3. Тұйық баламен қалай жұмыс істеу керек?

Сенімді қарым-қатынас орнату

Балаға көп сөйле деменіз — тыңдай біліңіз

Әр пікірін сынамай, қабылдап, қолдаңыз

Тек сөзбен емес, көзқарас, қимылмен де жылулық білдіру маңызды

#### 4. Қысымсыз ынталандыру

“Сөйлеші!” деп мәжбүрлеменіз

Оның қызығушылығына сай орта ұсыныңыз

Сүйікті іспен шұғылданғанда бала ашыла бастайды

#### 5. Шағын топтармен жұмыс

Көп бала қатысатын шараларға емес, 2–3 баламен бірге ойнауға мүмкіндік беру

Топтық емес, жұптық ойындарда бірінші қадам жасауға ынталандыру

#### **6. Жетістікке жетуге жағдай жасау**

Қарапайым тапсырмаларды орындап, мадаққа ие болуын қамтамасыз ету  
“Сен қолыңнан келеді!” деген ынталандырушы сөздермен жігер беру

#### **7. Ата-аналарға кеңес:**

Салыстырмаңыз – басқа балалармен емес, өз дамуымен ғана бағалаңыз

Балаңызға уақыт бөліңіз – бірге ойнау, әңгімелесу

Оның ерекше тұстарын мадақтап отырыңыз

Өз мінезіне сай дамуына еркіндік беріңіз

#### **8. Қорытынды:**

Әр бала – қайталанбас әлем.

Тұйық бала да ашылуы мүмкін — оған жай ғана түсіністік, шыдамдылық және махаббат қажет.

Бастысы – оны өзгерту емес, қабылдау, қолдау және өз болмысымен өмір сүруіне мүмкіндік беру.

## Сауалнама ата-аналар үшін

**Тақырыбы: «Балаңыздың психологиялық дамуын білесіз бе?»**

Сауалнама анонимді және талдау мақсатында жүргізіледі. Әр сұраққа “иә” немесе “жоқ” деп жауап беріңіз:

№	Сұрақ	Иә	Жоқ
1	Балаңыздың жас ерекшелігіне сай психологиясы туралы білесіз бе?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
2	Балаңызбен күніне 15 минуттан артық сөйлессіз бе (ойын, сұхбат, ертегі)?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
3	Балаңыз ашуланғанда, не мазалағанын анықтауға тырысасыз ба?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
4	Балаңызбен ойнап отырып оның мінез-құлқын бақылап көрдіңіз бе?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
5	Қиын эмоцияларды (реніш, жылау) сабырмен қабылдайсыз ба?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
6	Балаңызға өз пікірін айтуға мүмкіндік бересіз бе?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
7	“Онысы дұрыс емес” деп сынамай, алдымен тыңдайсыз ба?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
8	Баланың әр жетістігіне қуанып, мадақ айтасыз ба?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
9	Баламен ұрысқан соң, міндетті түрде татуласуға тырысасыз ба?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
10	Балаңыздың эмоциялық жағдайына жиі назар аударасыз ба?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

### Сауалнаманы талдау үлгісі:

8–10 “иә” жауабы – балаңызбен қарым-қатынасыңыз жақсы, дұрыс бағытта жүрсіз

5–7 “иә” жауабы – қарым-қатынас бар, бірақ кей тұстарға назар аударған жөн

0–4 “иә” жауабы – балаңыздың психологиялық дамуына көбірек көңіл бөлу ұсынылады

### Қорытынды ұсыныс:

Бала – кішкентай ересек емес. Ол — ерекше көзқарасты қажет ететін тұлға

Әр қадамы – болашағының іргетасы

Балаңызды тек тәрбиелемей, тыңдап, түсініп, бірге өсіңіз

Ата-аналар комитетінің мүшелері				
Р/С	Аты-жөні	Жұмыс орыны	Мекен-жайы	Телефон номері
1	Бигалиева Әсем Султанбекқызы	Жеке кәсіпкер Декреттік демалыста	Желтоқсан 2696	87780017699
2	Калимолдина Айгерим Асхатовна	МКҚК №14 орта мектеп- гимназиясы Бухгалтер	Болашақ ш/а 32 үй,6 пәтер	87018233264
3	Канатова Шынар Канатовна	Учредитель ТОО «Талдықорган Геодезия Кварц»	7-14-37	87755955000
4	Солтанова Айжан Кемелбековна	МКҚК «Оқушылар сарайы» Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі.	7-18-170	87770179587